

## Қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы

### Күшін жойған

Қарағанды облысы Ақтогай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 1 маусымдағы N 09/03 қаулысы. Қарағанды облысы Ақтогай ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 20 маусымда N 8-10-151 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтогай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 17 ақпандағы N 03/09 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтогай ауданы әкімдігінің 17.02.2014 N 03/09 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Ақтогай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылғы 1 наурыздан бастап үйде тәрбиленетін және оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз етуге құқығы бар тұлғаларға қосымша әлеуметтік көмек көрсетілсін (бұдан әрі - әлеуметтік көмек).

2. Әлеуметтік көмек әр мүгедек балаға тоқсанда төрт айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде берілсін.

3. Келесі жағдайлар белгіленсін:

1) мүгедек балаларға әлеуметтік көмек (толықтай мемлекет қамтамасыз ететін мүгедек балалар және оларға қатысты ата-аналары ата-ана құқығынан айырылған мүгедек балалардан басқа) үйде тәрбиленетін және оқытылатын мүгедек балалардың ата-анасының біреуіне және басқа заңды өкілдеріне отбасы кірісіне тәуелсіз беріледі;

2) әлеуметтік көмек өтініш білдірген мерзімінен бастап "Қарағанды облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жаңындағы ведомствоаралық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің қорытындысында белгіленген мерзім аяқталғанға дейін беріледі;

3) әлеуметтік көмекті төлеу қаржыландырудың түсінен байланысты өткен айға жүргізіледі. Әлеуметтік көмек төлеуді тоқтатуға әкеп соққан жағдайлар бар болғанда (мүгедек баланың 18 жасқа толуы, мүгедек баланың қайтыс болуы, мүгедектік алыш тастав), төлемдер сәйкес жағдайлар туындағаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

Ескеरту. З-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қарағанды облысы Ақтогай ауданы әкімдігінің 2012.10.03 N 18/06 (алғаш ресми жарияланған күнмен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. "Ақтогай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Е. Жанқабылов) әлеуметтік көмекті тағайындауды және төленуді қамтамасыз етсін.

5. "Ақтогай аудандық қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Қ. Болғанбаев) жергілікті бюджетте қарастырылған қаражаты шегінде міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес әлеуметтік көмекті қаржыландыру бойынша мәселені шешсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Әбевуаға жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 наурыздан бастап пайда болған қатынастарға таратылады.

*Ақтогай ауданының әкімі*

*К.К. Тілеубергенов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК